

**Ақтөбе қаласы “№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ**  
**Мектептегі психологиялық қызметтің**  
**2023-2024 оқу жылының жылдық есебі**

“№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі” КММ 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17-наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде және Ы.Алтынсарин Академиясының 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі ережелермен құрылды. Психологиялық қызмет жоспары білім алушылармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыс негізінде құрастырылды.

**Психологиялық қызметтің мақсаты** - білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, кеңес беруге, психологиялық -педагогикалық қолдауға бағытталған, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтау және нығайту.

**Міндеттері:**

\*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

\*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

\*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

№ 40 жалпы білім беретін мектебінде психологиялық қызметті 2 психолог маман жүргізеді:

1. Баймишева Айнұр Мырзабекқызы - білімі-жоғары, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, психолог, психология пәнінің оқытушысы, еңбек өтілі-17,7жыл. Санаты-педагог-зерттеуші.

1. Бердибекова Лаура Куантаевна, жалпы еңбек өтілі: 20жыл, психология мамандығы бойынша: 5 жыл 5 ай, санаты жоқ. Педагогика ғылымдарының магистрі.

Қыркүйек айында ата-аналарға мектептегі психологиялық қызмет жұмысының жылдық жұмыс жоспары таныстырылды. Сонымен қатар, ата-аналардан психологиялық қызметке келісімі алынды.

**I. Диагностика бағыты бойынша:** Білім алушылардың мектепте сәтті оқуына бейімделуінің алатын орны ерекше. Қыркүйек айында 1-класс білім алушыларының бейімделуін зерттеу мақсатында “Менің класым” әдістемесін алдық. Әдістемеге 165 білім алушы қатысты. Жоғары - 61 оқушы - 36,9%, орташа деңгей - 74 оқушы - 44,8%, төмен деңгей -25 оқушы 18,3% құрады. 5-класс білім алушыларының орта буынға бейімделуін зерттеуде Лускановтың оқу мотивациясы тесті алынды. Тестке 177 оқушы қатысты. 5-класс білім алушыларын диагностикалау нәтижесінде бейімделуі жоғары - 65 оқушы – 37%, орташа - 112 оқушы - 63%, төмен деңгейдегі оқушы анықталмады. Диагностика нәтижесі бойынша, 5-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі қалыпты. 10-класстың бейімделу деңгейін анықтауда жоспар бойынша Н.Г.Лусканов әдістемесі өткізілді. Мақсаты: оқушының мектепке бейімділігін, оқу мотивациясын анықтау. 10 класс оқушыларын зерттеу негізінде бейімделу деңгейі келесідей нәтиже көрсетті: жоғары - 54 - 57,4%, орташа- 38-42,6%, төмен деңгей анықталмады, бейімделуі қалыпты деңгейде. 1,5,10 класс жетекшілеріне зерттеу қорытындылары таныстырылды. Бейімделуі төмен білім алушылармен жеке жұмыстар, дамытушылық-түзетушілік жұмыстар жасалынды.

I-тоқсанда Басса Дарки әдістемесі арқылы 8-11 класс білім алушыларының агрессия деңгейі анықталды. Зерттеуге 477 білім алушы қатысты. Нәтижесінде 1 білім алушы “тәуекел топта” есепте. Қараша айында 5-6-7 класс білім алушыларына Филипстің мазасыздықты анықтау тесті өткізілді. 477 білім алушы қатысты, мазасыздық деңгейі қалыпты. II-тоқсанда DASS сауалнамасы алынды, нәтижесінде 478 білім алушының депрессия, стресс, мазасыздық деңгейі қалыпты. III тоқсанда Спилберг тесті өткізілді. Қатысқан білім алушылар саны -476. Сұқбат нәтижесі бойынша жоғары мазасыздықтағы бала анықталмады. Мұғалімдердің “Суицид туралы



білімін анықтау” сауалнамасы өткізілді. 81 педагог қатысты. Диагностика қорытындысы бойынша мектептегі педагогтердің суицид туралы білімі жоғары екендігі анықталды.

9-11 класс білім алушыларына Климовтың “дифференциалды диагностикасы” өткізіліп, тұлғалық типтері, бағыттылығы анықталды. 9,11 класс білім алушыларының кәсіби бағдарын диагностикалау ақпан айында жүргізілді. Диагностикаға 234 оқушы қатысты. «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.А.Климов) әдістемесі өткізілді. Диагностика мақсаты: білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау. Табиғат типі бойынша - 48 оқушы 20,7%, техника типі бойынша - 30 оқушы 12,8%, Адам -адам типі бойынша - 101 оқушы 43,1%, Белгілеу жүйесі бойынша - 34 оқушы 14,5%, Көркем-бейне типі бойынша - 21 оқушы 8,9% құрады. Диагностика нәтижесі бойынша “Адам-адам” типіндегі білім алушылар жоғары деңгейді құрады.

4 класс білім алушыларының мазасыздық деңгейі және ақыл-ой дамуының деңгейлері, кластардың өзара қарым қатынасы, оқу мотивациясы, мазасыздығы зерттелді. Ақыл-ой деңгейі диагностикасына (Замбацавичене тесті) 165 білім алушы қатысты. Жоғары -12оқушы - 7,2%, орташа деңгей -71оқушы - 40,5%, төмен деңгей -55 оқушы 33,3% құрады. Сонымен қатар, білім алушылардың бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филипс тесті өткізілді. Жоғары -9оқушы - 5,6%, орташадан жоғары деңгей -43 оқушы 26%, орташа деңгей -68оқушы - 41,2%, төмен деңгей -45оқушы 27,2% құрады.

Тест қорытындылары класс жетекшісіне және класс білім алушыларына таныстырылды. Жыл бойына жалпы саны-233 диагностика жасалды.

**II. Түзету-дамыту жұмысы.** 1,5,10 класс білім алушыларының мектепке жағымды бейімделу процесін қалыптастыруға, мектепішілік ерекше назардағы балаларға, есепте, тәуекел топта есепте тұрған білім алушыларға топтық, жекелік түзету-дамыту жұмысы жүргізілді. 9,11-класс білім алушыларымен тимбилдинг, арт-терапия, кофеграфия, армандар картасы әдістерімен қоса, түзетушілік-дамытушылық жұмыстар (тренингтер, ойындар, сергіту жаттығулары) жасалынды. “Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтан сақтану жолдары” тақырыбында профилактикалық түсіндірме жұмыстары өткізілді. Сонымен қатар, оқушыларға “ҰБТ-ге психологиялық тұрғыда қалай дайындалуға болады?”, “ҰБТ-ге дайындалудың тиімді жолдары”, “Тестке 1 күн қалғанда”, “Стресс жағдайында қолданылатын кеңестер” тақырыптарында кеңестер берілді. 11 класс түлектеріне психологиялық тұрғыда қолдау білдіру, мотивация беру, өзіне сенімділігін арттыру, жетістікке жетелеу мақсатында “Мен және менің болашағым” тақырыбында жоба қорғау жұмысы ұйымдастырылды. 9 білім алушыларымен “Дос болайық: достық қолын ұсын” республикалық акциясы негізінде семинар-тренинг өткізілді.

Жалпы саны-91 түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.

**III. Профилактика және психологиялық ағарту.** Буллингің алдын алу бойынша 2023-2024 оқу жылына бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Жоспар құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы № 506 бұйрығы басшылыққа алынды.

Мектепішілік есепте (5), қалалақ ІІБ есебінде тұрған (1 білім алушы), тәуекел топта (1) есепте тұрған, бейлидер білім алушылармен жеке іс-құжаттары жинақталып, олар туралы деректер, диагностика жұмысы алынып, соның негізінде топтық түзету жұмыстары жасалынды. Сонымен қатар, мектепішілік бақылауда тұрған балалармен де жеке жұмыстар жасалынды. Өгей әкемен, өгей анамен тұратын, қамқорлықтағы білім алушылармен де жеке құжаттар жинақталды.

Қыркүйек айында “Баланың басты ұстазы - ата-ана” тақырыбында ата-аналарға арналған семинар ұйымдастырылды. Семинар мақсаты: Қазіргі заманның ағымына байланысты отбасы құндылықтарын қалыптастыру. Әке мен ананың тәрбиелеуі алатын орны маңыздылығы туралы айтып өту, нашакорлықтың алдын алу, буллинг құрбаны болмау жолын қарастыру, ойынкұмарлықтан сақтандыру, ата-аналармен ашық түрде пікір алмасу. Кездесу барысында спикерлер келесідей тақырыптарда сөз алды: 1.Идирисова Орынай Бижанқызы, Ақтөбе облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) жанындағы аналар кеңесінің мүшесі, педагог-зерттеуші «Бар бақытын баласынан іздеген...»; 2.Череватая Лариса Николаевна, Ақтөбе облыстық ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшесі “Балаларда достық және жолдастық қатынасты тәрбиелеу”; 3.Утегенова Майра Сальмановна “Ана үйі” қоғамдық қорының координаторы “Отбасы



ошағының жылуы”; 4.Сергалина Рауза Сатымовна, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесі жұмысының координаторы «Нашақорлықтың алдын алу, буллинг, ойынқұмарлықтан сақтандыру”.

Қазан айында класс жетекшілерге (68 класс жетекші) “Сақ болыңыз, буллинг!” тақырыбында жадынама таратылып, ақпараттармен таныстырылды.

Қазан айында 8-9 класс білім алушыларына “Буллинг, кибербуллинг деген не?” тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді. Семинар мақсаты: Буллингтің, кибербуллингтің алдын-алу, білім алушыларға кеңес беру.

Семинар барысында оқушыларға буллинг және кибербуллинг туралы ақпарат беріп өтті. Олардың ішіндегі буллинг пен кибербуллингтің түрлері және де жеке тұлғаның психологиялық денсаулығына әкелетін зардабы мен қиындықтары туралы ашып айтты. Соның ішінде мүгедектігі бар адамға, жыныс ориентациясына байланысты, заңмен қорқыту, жыныстық буллинг, ата-ананың баланы қорқытуы туралы айтылды. Оқушыларға «Кибербуллинг дегеніміз не?», «Әлімжеттік жасау деген не?» атты бейнероликтер көрсетілді. Оқушыларға әлеуметтік желілердегі балағат сөздер, қорқыту секілді кибербуллинг түсінігі айтылды. Бұл жағдайға тап болғанда ата-анаға, мұғалімдерге, психологке ескерту ұят емес екендігі айтылды. Керісінше, сол жағдай туралы бөлісу буллинг мәселесін алдын-алатындығы және сақтайтындығы түсіндірілді.

1-11 класс білім алушыларына “Буллингтің, кибербуллингтің, Зорлық зомбылықтың алдын-алу, сақтану жолдары” тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді. Семинар мақсаты: «Буллингтің, кибербуллинг, Зорлық зомбылықтың алдын-алу», білім алушыларға кеңес беру.

5-9 класс білім алушыларына мектеп психологі Л.Қ.Бердібекова интернет қауіпсіздігін туралы білімін кеңейту мақсатында “Қауіпсіз интернет” тақырыбында ағарту жұмысы өткізілді.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс-шараларға тоқталар болсақ, қыркүйекте “Отбасы- шағын мемлекет” тақырыбында 4-класс ата-аналарымен, білім алушыларымен мектеп психологі А.Баймишева мектепшілік тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды. Мақсаты: 4 класс арасында ата-ана бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіре отырып көмектесу.

Қыркүйек айында класс жетекшілерге (68 класс жетекші) “Зорлық-зомбылыққа жол берме!” тақырыбында жадынама таратылып, ақпараттармен таныстырылды.

Күзгі каникул уақытында 8-9-10-11класс қыз балаларына мектеп психологі А.Баймишева “Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы” тақырыбында мектепшілік танымдық сабақ өткізді. Мақсаты: жеке тұлғаның дамуына көңіл бөлу, өмірге қажетті дағдыларды дамыту, өмірдегі жағымсыз жағдайлармен күресе білуге үйрету. Қараша айында “Жыныстық қолсұғылмаушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу” тақырыбында 8-9 класс қыз балаларына ағартушылық жұмыс өткізілді. Жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу бойынша №1 қалалық емхананың салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Л.Х.Жанторина, зорлық-зомбылық түсінігі туралы мектеп психологі А.Баймишева түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, кеңестер берді, білім алушылардың жекелей сұрақтарына жауап берілді. Қыздар клубының қыз балаларына мектеп психологі Л.Қ.Бердібекова “Қызға қырық үйден тыйым”, “Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы” тақырыбында мектепшілік танымдық сабақтар өткізілді.

Жалпы саны- 27 профилактика жұмысы өткізілді

**IV. Кеңес беру бағыты.** Білім алушылармен, ата-аналармен, педагогтармен кеңес беру жұмысы мерзімінде өткізілді. “Тәуекел” тобын анықтауда 4-категория (медициналық, әлеуметтік, мінез-құлық критерийлері, психологиялық) бойынша білім алушыларға кеңес берілді. Сонымен қатар, суицидтің алдын алу бойынша өткізілген тесттердің қорытындысы негізінде жоғары депрессияға, мазасыздыққа, стресске, агрессияға ие білім алушылармен жартылай құрылымдалған сұқбат жүргізілді. Жалпы саны-361 кеңес берілді.

**V. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс.** I-жарты жылдықта зерттеу нәтижелері мерзімінде толтырылды. Білім алушылардың үй-жайын аралау жұмыстары жүргізілді. “Сенім” жәшігі және “Сенім” телефондары білім алушылармен, ата-аналармен топтық іс-шараларда насихатталды.

**Мобилдік топ жұмысы 2023ж. 4 қыркүйекте №66 мектепшілік бұйрық негізінде жүзеге асырылды.** Мобилдік топ мүшелері мектеп директоры - Ж.У.Терекова, мектеп директорының



тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ж. Қобландина, медбике - Э.К. Табанова, әлеуметтік педагог М.Е. Өтегенова және мектеп психологтары. 5 отырыс жүргізіліп, хаттамасы толтырылды.

Мектепшілік есепте - 5, Қалалық ІІБ-1, “тәуекел” топта -5, Қақтығыс аймағынан келген - 2, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушы-14, оның ішінде үйде оқитын -3 білім алушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, мінез-құлқы ай сайын бақыланды. Әр білім алушының жеке іс-құжаттары салынған папка жинақталды.

2023 жылы тамыз айында № 1 педагогикалық кеңесте Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы атынан мектеп психологі А.Баймишева Алғыс хатпен марапатталды.

Қыркүйек айында Ақтөбе қалалық білім беру ұйымдары психологтарының алғашқы жиынында Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы атынан мектеп психологі А.Баймишева Алғыс хатпен марапатталды.

“Әдістемелік кабинет” КММ ұйымдастырған “Үздік психолог кабинеті -2023” байқауында үздік нәтиже көрсеткен мектеп психологі А.М.Баймишева ІІ дәрежелі диплом иленеді (№1420).

“Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған 2023 жылдың 12 қыркүйек 29 қараша аралығында білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің нәтижелілігін арттыру республикалық вебинарлар желісіне қатысканы үшін мектеп психологі А.Баймишева сертификатқа ие болды (№343).

“Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” коммерциялық емес акционерлік қоғамы 4-15.12.2023ж. аралығында ұйымдастырған “Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын-алу” тақырыбында 80 сағаттық курста мектеп психологі А.Баймишева білімін жетілдірді (№0039042).

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған “Үйлесімділік” ағартушылық жобасы аясында: “Отбасылық тәрбие стилі” тақырыбындағы облыстық семинар практикумда белсенділік танытып, өз іс- тәжірибесімен бөліскені үшін мектеп психологі А.М.Баймишева Алғыс хатпен марапатталды. 21 желтоқсан күні “Отбасылық құндылықтар” тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті.

Мектеп психологі А.Баймишева Қалалық білім бөлімінің бұйрығымен №6, №68 және “Білім” мектептеріне әдістемелік көмек көрсету комиссиясының құрамында болды.

Мектеп психологі А.М.Баймишева 31 қаңтар 2024жылы “Үздік жыл психологі” және 4.05.2024 жылы “Үздік психолог новатор 2024” қалалық байқауларында әділқазы алқасының мүшесі болды.

5.04.2024 жылы “Педагоги и интеллектуальные дети” республикалық журналында мектеп психологі А.М.Баймишеваның “Нейрографика- шығармашылықпен емдеу тәсілі ретінде” мақаласы жарияланды.

30.04.2024жылы “Техникалық және кәсіптік білім беруде дуалды оқыту, тәжірибе, мәселелер, болашағы” тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға мектеп психологі А.М.Баймишеваның “Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың ерекшеліктері” тақырыбында мақаласы жарияланды.

Мектеп психологі Л.Қ.Бердібекова «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында 80 сағаттық курстан өтті. 15.09.2023 ж. Тіркеу №0024968.

«Әдістемелік кабинет» КММ. Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының қалалық кезеңінде «Психолог сандықшасы» бағыты бойынша І дәрежелі диплом. 2023 ж. №11498

Мектеп психологі Л.Қ.Бердібекованың Марапаттары: Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы атынан Алғыс хат 2023 ж; «Әдістемелік кабинет» КММ директоры атынан Алғыс хат 2023 ж; Ақтөбе қаласының білім бөлімі басшысы атынан ұстаздар күніне орай Алғыс хат 2023ж; Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы атынан Алғыс хат 2023 ж; Ақтөбе өнер музейі директоры атынан Тәуелсіздік күніне орай Алғыс хат 2023 ж; МКҚК «Ақ желкен қосымша білім беру мекемесінің директоры атынан Алғыс хат 2023ж; Ақтөбе өнер музейі директоры атынан Алғыс хат 2024ж.



Мектеп психологі Л.Қ.Бердібекованың Облыстық Ақтөбе газеті. Жасөспірімдер қылмысы: «Психолог пікірі» мақаласы жарық көрді, 30 маусым 2023 ж. №52 (21.396).

Мектеп психологі Л.Қ.Бердібекова Қала мектептерінің психолог мамандарына арналған семинарда «Эмоционалдық интеллектінің ғылыми негізі» тақырыбында іс-тәжірибесін таратып, қалалық әдістемелік орталығы атынан Алғыс хатпен марапатталды. Тамыз 2023 ж.

2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында Ақтөбе қаласының “Әдістемелік кабинеті” КММ 28 қараша 2023 жылы № 353 бұйрығымен №40 жалпы білім беретін мектебіне әдістемелік көмек көрсетілді.

Мектеп психологтары Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының, Ақтөбе қалалық білім бөлімінің әдістемелік семинарларына, форумдарына жиі қатысып, сертификаттар иеленді.

#### **VI. Жарты жылдық бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.**

Қараша айында №2 педагогикалық кеңесте ұжым мүшелеріне “Жасөспірім қауіпсіздігі, буллинг, кибербуллинг деген не?” тақырыбында және “Білім беру ұйымында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, әлеуметтік педагогпен психологтің бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы” тақырыбында жүргізілген іс-шаралар таныстырылды. Қараша айында өндірістік кеңесте “1,5 класс білім алушыларының мектепке бейімделуі” тақырыбында өткізілген жұмыстар туралы есеп берілді. Қаңтар айында “Алаяқтық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг, суицидтің алдын алу туралы” өндірістік кеңесте баяндама жасалды. “Жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын қалыптастыру және өз-өзіне қол жұмсау жағдайының алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар” тақырыбында педагогикалық кеңесте есеп берілді. Наурыз айында директор жанындағы кеңесте “9,11 класс оқушыларымен мамандық таңдау бойынша жүргізілген жұмыстар” тақырыбында баяндама жасалды. Сәуір айында “4 класс оқушыларының орта буынға сабақтастығы” тақырыбында директор жанындағы кеңесте баяндама жасалды.

**Қорытындылай келе,** мектебіміздің оқу-тәрбие процесін психологиялық тұрғыдан қолдау бойынша 2023-2024 оқу жылында жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде өткізілді деп есептейміз. Жыл бойына өткізілген іс-шаралар мектептің инстаграм парақшасында уақытылы жарияланды (өткізілген іс-шаралардың ссылқасы қосымшада жалғанды).

2024-2025 оқу жылына келесі жұмыстарды міндеттейміз:

- Білім алушылардың жеке тұлға ретінде дамып жетілуіне психологиялық қолдау көрсетуді жалғастыру;
- Жоғары буын білім алушыларына, ата-аналарына мамандыққа бағыт-бағдар беру жұмыстарын класс жетекшілерімен бірлесе жүргізу, түсіндіру жұмыстарын жандандыра түсу;
- Оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдерімен, класс жетекшілермен, ата-аналармен үнемі тығыз байланыста жұмыс атқару;

Мектеп директоры **Терекова Ж.У**

Мектеп психологтары **Баймишева А.М.**  
**Бердібекова Л.К.**





**2023-2024 оқу жылы № 40 жалпы білім беретін орта мектебінің инстаграм парақшасында жарияланған психологиялық қызмет жұмыстары**

- 08.09.2023ж Мектебіміздің 9 класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
[https://www.instagram.com/p/Cw6szc7IM\\_d/?igsh=MWF1Mm14d3RINW10MA==](https://www.instagram.com/p/Cw6szc7IM_d/?igsh=MWF1Mm14d3RINW10MA==)
- 11.09.2023ж Бүгін мектебімізде отбасы күніне орай, "Отбасы - шағын мемлекет" тақырыбында тәлім-тәрбиелік психологиялық тренинг сағаты өткізілді.  
<https://www.instagram.com/reel/CxDnz2OsBRL/?igsh=azZkNGI0OHNxbnli>
- 13.09.2023ж Мектебіміздің, 10 класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CxIQWDRsGf6/?igsh=MXNidWkxOWplanU4Mw==>
- 14.09.2023ж Мектебіміздің, 11 класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
[https://www.instagram.com/p/CxLD2RQM\\_IT/?igsh=czV6ZmphNXZkM3ol](https://www.instagram.com/p/CxLD2RQM_IT/?igsh=czV6ZmphNXZkM3ol)
- 19.09.2023ж Оқушыларымыздың мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында, 1 "А", "Ә", "Б", "В", "Г", "Д", "Е" сыныптарымен "Менің сыныбым" жобалау әдістемесі өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/CxXb0pfsAhg/?igsh=ZXpmZWFzODlid2sz>
- 21.09.2023ж Мектебімізде 5-сынып білім алушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CxclUwdMe78/?igsh=MWdydmE4NHlvdnJvbw==>
- 25.09.2023ж Мектебімізде 1 "Ә", 1 "В" білім алушыларының бейімделу процесін жеделдету, қолдау көрсету мақсатында "Жүректен жүрекке" тақырыбында топтық түзетушілік-дамытушылық жұмыстар өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/Cxmz3lksztN/?igsh=ZjVkyTlhZG94dTO4>
- 27.09.2023ж Мектебімізде 1 "А", 1 "Г" білім алушыларының бейімделу процесін жеделдету, қолдау көрсету мақсатында "Жүректен жүрекке" тақырыбында топтық түзетушілік-дамытушылық жұмыстар өткізілді.  
[https://www.instagram.com/p/CxruX\\_6MIha/?igsh=YXcwMGtwZ2czbnRl](https://www.instagram.com/p/CxruX_6MIha/?igsh=YXcwMGtwZ2czbnRl)
- 28.09.2023ж Мектебімізде 1 "Д", 1 "Е" білім алушыларының бейімделу процесін жеделдету, қолдау көрсету мақсатында "Жүректен жүрекке" тақырыбында топтық түзетушілік-дамытушылық жұмыстар өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/CxvTs4psKYr/?igsh=MXEwdWplZWJpbmhp>
- 03.10.2023ж Орта буында бейімделуді жеңілдету, білім алушылар арасында өзара достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында 5 "Ә", "В", "Г" сынып білім алушыларымен ойындар, тренингтер өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/Cx7HifSsFFc/?igsh=MWhwdTgxeTJlMmJtZg==>
- 12.10.2023ж Орта буында бейімделуді жеңілдету, білім алушылар арасында өзара достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында 5 "А", "Б", "Д", "Е" сынып білім алушыларымен ойындар, тренингтер өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/CyS73atM6F4/?igsh=MXJrZGtxY3F1MWx0NQ==>
- 13.10.2023ж Мектебіміздің, 8-класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CyVj25QsrKa/?igsh=eWh6N3JibG11NXZ6>
- 23.10.2024ж Мектебіміздің, 8 "В", 8 "Г" класс білім алушыларына "Өмірді бағала!" тақырыбында топтық түзетушілік-дамыту сабағы өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/CyunPYQIJVm/?igsh=eDZ0MG12ajFrOXlm>
- 31.10.2023ж. Мектебімізде 8-11 сынып қыз балаларымен «Қыз тәрбиесі-ұлт байлығы» тақырыбында мектепшілік танымдық семинар сабақ өткізілді.  
<https://www.instagram.com/reel/CzLRHYaMu5t/?igsh=MzVjcWl0Z3kyeTdq>
- 08.11.2023ж. Мектебіміздің 8-9 сынып білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CzdtBBsamW/?igsh=MXZtaXAWaDRpMHZ4bg==>
- 08.11.2023ж. Мектебіміздің 10-11 сынып білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CzduYX7s20k/?igsh=MWV3dHhrcW5iaWhhaQ==>
- 13.11.2023ж Мектебіміздің, 5-6-7 сынып білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.  
<https://www.instagram.com/p/CzmAIPSMj-L/?igsh=Y3I3c3BwN2IhcGZ2>
- 22.11.2023ж.Мектебіміздің, 1-2-3-4-5сынып білім алушыларына буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық түсініктері туралы ақпарат беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық, сөздеріне түсініктеме берілді.  
[https://www.instagram.com/p/Cz\\_oBdqsyPO/?igsh=ZGlyZ2wycjJudTZq](https://www.instagram.com/p/Cz_oBdqsyPO/?igsh=ZGlyZ2wycjJudTZq)
- 28.11.2023ж. Мектебіміздің, 8 «В», 8 «Д» сынып қыз балаларына «Қыз - ұлт болашағы»тақырыбында топтық психологиялық түзетушілік-дамытушылық жұмыс жүргізілді.  
[https://www.instagram.com/p/C0TvdqAs\\_7T/?igsh=NWJsbDFxM3pvNWxm](https://www.instagram.com/p/C0TvdqAs_7T/?igsh=NWJsbDFxM3pvNWxm)
- 30.11.2023ж.Мектебіміздің, 5 «Б» сынып білім алушыларына «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау тақырыбындағы тәрбие сағаты өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/C0T7OphMPzE/?igsh=MXB5OWY5OGYwamMx>
- 01.12.2023ж.Мектебіміздің 6 «Г» сынып білім алушыларына «Мектебім- мейірімділік мекені» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/C0UM7fBM6Ih/?igsh=MXV3b25la2I3cWplNg==>



12.2023ж. Мектебізде 4 «Е», 4 «Г», 2 «В» сынып білім алушыларына «Достық-татулықтан басталады» тақырыбында түзету-дамыту сабағы өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C0jRAsMnB/?igsh=MXVoNzky2UyNXFuNA==>

08.12.2024ж @aktobe40school мектебімізде «Зорлық - зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» халықаралық акциясы аясында ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңестер берілуде.

<https://www.instagram.com/p/C0loZivMru4/?igsh=ZTMxOGRybWt5cXVl>

06.12.2023ж. «Зорлық - зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» халықаралық акциясы аясында 8 «В», 8 «Г» сынып білім алушыларына «Барлығы сенің қолыңда» тренингі ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C0rGXiAMMCi/?igsh=b3pxNWZuaWt4YWNx>

21.12.2023ж. Мектебіміздің 4 «Е» сынып білім алушыларына «Жақсы көңіл-күй-жақсы қарым-қатынас» тақырыбында топтық психологиялық түзетушілік-дамытушылық жұмысы жүргізілді.

[https://www.instagram.com/p/C1H8\\_7wsur1/?igsh=MWRwZGRtb2htbTk2MQ==](https://www.instagram.com/p/C1H8_7wsur1/?igsh=MWRwZGRtb2htbTk2MQ==)

25.12.2023ж Баланың мектепке баруы және үйге жалғыз келуі қаншалықты қауіпсіз? Білім беру ұйымдарында балалары бар әрбір ата-ана бір рет болса да өзіне осы сұрақты қойған абзал. Сіздермен өз ұсыныстарыммен бөлісемін!!!

<https://www.instagram.com/reel/C1Q5gNrIoPs/?igsh=MXV4ZXR5Y3dsZnA2bQ==>

08.01.2024ж. Қалалық білім бөлімінің жоспарына сай мектепішілік жоспар негізінде «МЕЙІРІМДІ БОЛСА ЖҮРЕК -ОРЫНДАЛАР ТІЛЕК!» тақырыбында «Жеткіншектің, жеті жарғысы» жобасы бойынша мектебіміздің Мектеп парламенті және «Жас ұлан» ұйымының білім алушыларына мектеп психологі А.Баймишева семинар-тренинг өткізді.

<https://www.instagram.com/p/C11NBrsoY/?igsh=MWM1NG0ycXhrMmtkNg==>

16.01.2024ж. Мектебімізде 11 «А», 11 «Б» сынып білім алушыларымен «Армандар картасы» техникасы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C2KLSuDK/?igsh=cTd5NGJiMnoYZnq>

17.01.2024ж. Мектебімізде 11 «Ә», 11 «В» сынып білім алушыларымен «Армандар картасы» техникасы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C2NXOamsear/?igsh=MWZ0a2dpajldzdyag==>

22.01.2024. Балалар мен жасөспірімдерге арналған жаднама! Мектеп психологтарының кеңестері.

<https://www.instagram.com/p/C2Zqms0opeu/?igsh=ODJkdXh4M2F6Z3pt>

23.01.2024ж. Мектебіміздің, 8 «А», «Ә», «Г» сыныптары білім алушыларына сынып жетекшілері мен мектеп психологтары бірлесе отырып, біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Мейірімділік құндылығы» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

<https://www.instagram.com/p/C2nVcyMs1BJ/?igsh=MWVvybJyenF3NzZqaA==>

23.01.2024ж. @aktobe40school мектебімізде «Досболlike:достық қолын ұсын!» республикалық акциясы аясында шығармашылық-ынтымақтастық бағытында 9 сынып білім алушылары, «Сырғалым» қыздар клубының, мүшелерімен семинар-тимбилдинг өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C2nXJ-tM4W/?igsh=MTk2bDM3dDI2cXl3eA==>

06.02.2024ж Мектебіміздің, 8, 11 класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.

<https://www.instagram.com/p/C3AEkDAsPJv/?igsh=MWxya3JyMXVudG16MA==>

06.02.2024ж Мектебіміздің, 9, 10 класс білім алушыларына диагностика жұмысы жасалды.

<https://www.instagram.com/p/C3AFLgxsXcM/?igsh=Y2V3d2NybXl5eXl6>

06.02.2024ж Мектебіміздің, 8 "Б", "В", "Д" класс жетекшілері мектеп психологтарымен бірлесе отырып, аталған класс білім алушыларына "Мейірімділік ҚҰНДЫЛЫҒЫ" тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/p/C3ASsDsNRX/?igsh=d2FkYnhtb2lmampj>

06.02.2024ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық, олимпиадаға жолдама алған 5-6-класс оқушыларына «Мен өзіме сенемін!» атты психологиялық тренинг өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C3AVkqksfmE/?igsh=OWV4b214eXliNG96>

06.02.2024ж Мектебіміздің 7 "А" класс білім алушыларына "Жақсы көңіл-күй-жақсы қарым-қатынас" тақырыбында топтық, психологиялық түзетушілік-дамытушылық жұмысы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C3AWGspms8L/?igsh=ZGxxamExbGgzZjAz>

06.02.2024ж Мектеп ұжымының, қатысуымен түсірілген керемет мотивациялық бейнеролик, күндеріңізге СӘТТІЛІК!

<https://www.instagram.com/reel/C3AWaSAMz6e/?igsh=eW54dGp2MjBjaGlu>

06.02.2024ж Мектебіміздің жоғары класс білім алушыларына "Танымдық үзіліс" шарасы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C3DVcOHsjsu/?igsh=MXJqN2l5cGl6c2Z3Mg==>

07.02.2024ж Мектебіміздің, жоғары класс білім алушыларымен "Көңілді қонырау" шарасы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C3DmulcsT7L/?igsh=bHhpNHg4eGlwejlh>

14.02.2024ж Мектебіміздің білім алушыларының қатысуымен "Көңілді қонырау" өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C3VdRp7M3iv/?igsh=MTU4am5wYm5xbDJhNg==>

19.02.2024ж. Мектебімізде "Ата-анаға маман кенесі" атты видеоролик өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C3mTti2Ija8/?igsh=cmo3NjBiaGQyYThv>

12,13.02.2024ж.Мектебіміздің білім алушыларының және ұстаздарымыздың қатысуымен «CHOCOLATE DAY» өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C3nvQjxMY3z/?igsh=MW9yN240aTBvN2pydw==>

27.02.2024ж Мектебіміздің, 6 "Г", 7 "Г" класс білім алушыларына "Жаңа күн-жаңа мүмкіндік" тақырыбында топтық дамытушылық жұмыс жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/C32RaVKs0ZO/?igsh=MW9scW4zc2tlazJ6Yg==>  
27.02.2024ж Мектебіміздің білім алушыларымен бірлесе отырып, "Мама уайымдама!" ЧЕЛЛЕНДЖИ ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C32WrmTMAy/?igsh=OGRsYnFwd2xlyXBr>  
07.03.2024ж Мектебіміздің, 9 "Б" класс білім алушыларына "Эмоциялар мен сезімдер әлемі" тақырыбында топтық дамытушылық жұмыс жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C4M2QdNo8TB/?igsh=em5zbnZpYjA4Yzg4>  
08.03.2024ж Мектебіміздің 9 "А" класс білім алушыларына "Бұл әлем қандай ғажап!" тақырыбында топтық дамытушылық жұмыс жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/C4M3PP9o0Jh/?igsh=aXhwY2sxcDdnMXd3>  
15.03.2024ж Мектебіміздің, 9, 11 класс білім алушыларына Климовтың "Дифференциалды -диагностикалық сауалнама" әдістемесі өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C4he1DcI7J0/?igsh=MWd6MnQ3NWIwajlpdQ==>  
02.04.2024ж Мектебімізде эвакуацияланған балалармен "Көңілді уақыт" өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5P98ucMDG6/?igsh=cHVpOGIrcGY0b2Ux>  
02.04.2024ж. Мектебімізде эвакуацияланған балалармен "Түрлі-түсті қадамдар" ойыны өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5P-98RM-wy/?igsh=dGxiMXJ1OGhnNmJn>  
28.03.2024ж Эвакуацияланған балалармен "Кәсіби бағдар" сабағы өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C5SSBPeo6Uh/?igsh=Zjh1OWdz2JtcHVx>  
04.04.2024ж Мектебімізде эвакуацияланған балалармен "Көңілді уақыт" өткізілді.

[https://www.instagram.com/reel/C5Ueh\\_cIYBR/?igsh=MXMweDd4MjZIZWY4Mw==](https://www.instagram.com/reel/C5Ueh_cIYBR/?igsh=MXMweDd4MjZIZWY4Mw==)  
04.04.2024ж Мектебімізде эвакуацияланған балалармен "Көңілді уақыт" өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5VINwtsCSn/?igsh=MWx6ZHI5cHludHliNA==>  
04.04.2024ж Мектебіміздегі су тасқынынан зардап шеккен тұрғындардың қатысуымен мотивациялық бейнеролик, сәттілік!

<https://www.instagram.com/reel/C5VJ10eMCiJ/?igsh=MWZ6M3h0czdyMGpxZw==>  
03.04.2024ж.Мектебімізде су тасқынынан зардап шеккен балалармен "Тимбилдинг" ойыны өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5XptHLM67d/?igsh=cHlueHljYzB6b2I1>  
05.04.2024ж Мектебімізде эвакуациялық пункт балаларымен «Суреттік терапия» әдісі өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5dSweHsMC5/?igsh=MWVnNDVkaXRvMW11Ng==>  
08.04.2024ж Мектебімізде су тасқынынан зардап шеккен отбасы балаларымен «Болашақ арман» бейнеролигі түсірілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5fqdxlsSyE/?igsh=bTB2M3pkNnllMmVr>  
12.04.2024жМектебіміздегі эвакуацияланған балалармен ою-өрнектерді құрастыру арқылы жануар тектес, өсімдік тектес ою түрлерімен және тарихымен таныстырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында танымдық сабағы өтті.

<https://www.instagram.com/p/C5pts0BsFNq/?igsh=ZXA2aHRwMnNudXQ4>  
12.04.2024ж. Мектебімізде су тасқынынан зардап шеккен отбасы балаларымен "Мафия?" ойыны өткізілді. Балалардың сюжетті рөлдік ойында белсенділігі жоғары болды.

<https://www.instagram.com/reel/C5rEuWUsPTG/?igsh=MWhkN2ptazZxZjqbA==>  
13.04.2024ж Мектебімізде су тасқынынан зардап шеккен отбасы балаларымен "Қимылды есте сақта!" бейнеролигі түсірілді.

<https://www.instagram.com/reel/C5tmFqfMhWA/?igsh=ZzV5NGgzZnhtMGd6>  
14.04.2024ж Мектебімізде су тасқынынан зардап шеккен отбасы балаларымен "Топтық мақсат","Лабиринт" ойындары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C5tniorsejM/?igsh=MWZ2dTd2bTF2cTRiNw==>  
14.04.2024ж Мектебіміздің 6-класс білім алушыларына "Өмірлік мотивация" тақырыбында тұлғалық дамуға арналған психологиялық қалыптастыруға және дамытуға бағытталған сабақ өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C5tn3KUMN4r/?igsh=MzJ4OXZtMzhkYzd4>  
23.04.2024ж Мектебіміздің 4"А", 4"Ә", 4"Д" , 4"Е" сынып білім алушыларына ақыл-ой дамуын зерттеу және мазасыздық деңгейін диагностикалау тесттері өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C6Hbi1GMDz2/?igsh=dHBreDMzdGpmemJp>  
26.04.2024ж Мектебіміздің 4"Б", 4"В", 4"Г" сынып білім алушыларына ақыл-ой дамуын зерттеу және мазасыздық деңгейін диагностикалау тесттері өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C6NoSbIMvxJ/?igsh=MXRhMzmbTVzNGg4dQ==>  
30.04.2024ж Мектебімізде 4-11 сыныптар арасында "Құпия жәшік" акциясы өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C6fk8VrIctA/?igsh=cnZiZnZqNTZ1cXY3>  
02.05.2024ж "Балалармен сапалы уақыт өткізейік"атты тақырыбында баяндама жасалды.

<https://www.instagram.com/reel/C6fj6tnIQaR/?igsh=dXYyZHMwaHZubTA1>  
03.05.2024ж Мектебіміздің 6 "А", 6 "В", 3 "А" класс білім алушыларының оқу мотивациясын, класс ішіндегі қарым-қатынасын, хал-ахуалын зерттеу диагностикасы өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C6fkjgCILof/?igsh=emtuMGJ1Z2pyNWE3>  
3.05.2024ж .11 класс білім алушыларына "Жетістікке жетудің 7 қағидасы" тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/C6fo0aUsqEm/?igsh=dTNmaXQ1bzN3aXV1>



4.05.2024ж. Қыздар клубының қыздары, 5 “А”, 6 “Б” класс қыз балаларымен қыздар жиналысы өтті.  
[https://www.instagram.com/p/C6i5\\_xgsjrY/?igsh=MWZmenl0eWZuaHpldw==](https://www.instagram.com/p/C6i5_xgsjrY/?igsh=MWZmenl0eWZuaHpldw==)

5.05.2024ж. 5-6-7кл. білім алушыларымен “буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтан сақтану жолдары” профилактикалық іс-шара өтті  
<https://www.instagram.com/p/C6mCmWsslZX/?igsh=emYycDBqbTJ2dGk0>

5.05.2024ж. 8-9-10-11кл. білім алушыларымен “буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылықтан сақтану жолдары” профилактикалық іс-шара өтті  
<https://www.instagram.com/p/C6mC6akMund/?igsh=MWRwd3FoMGF0b2dweg==>

5.05.2024ж. “Бақытты сәт-естелік” тақырыбында көңілді қоңырау шарасы ұйымдастырылды  
<https://www.instagram.com/p/C6mHGkusgsS/?igsh=MWNkMDRocHV0bz15bw==>

5.05.2024ж. 1 “Ә” сыныбына “Дос боалық бәріміз” тақырыбында тренинг сағаты өтті  
<https://www.instagram.com/reel/C6mHXpOMED2/?igsh=MXI2ZXdnC3c3ejdqeQ==>

6.05.2024ж. “BIG FAMILY” тақырыбында көңілді қоңырау шарасы ұйымдастырылды  
<https://www.instagram.com/reel/C6oBYW6MB8R/?igsh=dHlxZ2kwZzBmbXVt>

6.05.2024ж. “40-мектеп” тақырыбында көңілді қоңырау шарасы ұйымдастырылды  
<https://www.instagram.com/reel/C6oElyIMj2y/?igsh=MndiZHFydGZ6NzQ=>

10.05.2024ж. “Жақсы көңіл күй-жан шуағы” тақырыбында 1”Б” класына сабақ өткізілді.  
<https://www.instagram.com/reel/C6xkeqEo1Ee/?igsh=MWU4MDJvMm55OTEхYw==>

11.05.2024ж. 12 мамыр - Аналар күні қарсаңында қаламызға танымал кәсіпкер әрі іскер аналармен «Іскер ана, икемді қыз» тақырыбында кездесу өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/C6zK6YQs6RX/?igsh=MXhpZnRrdno4ZmN3bg==>

15.05.2024ж. 6 “Б” класс білім алушыларына “Менің жан дүниемнің бағы” тақырыбында топтық психологиялық дамыту сабағы өткізілді.  
[https://www.instagram.com/p/C6\\_ilxMMIPs/?igsh=MTZ4bmO5MnZzNTNybg==](https://www.instagram.com/p/C6_ilxMMIPs/?igsh=MTZ4bmO5MnZzNTNybg==)

16.05.2024ж. 6 “А”, 6 “В”, 6 “Г” класс білім алушыларына “Досыңмен дұрыс қарым-қатынас орнатудың ережелері” тақырыбында топтық психологиялық дамыту сабағы өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/C7BnmHjslMs/?igsh=MWE4cjkxM2ozM2loaA==>

16.05.2024ж. 10 “Ә” класс білім алушыларына “Жақсы көңіл-күй- жанға қуат” тақырыбында топтық психологиялық дамыту сабағы өткізілді.  
<https://www.instagram.com/p/C7BoG1UMakh/?igsh=cmR4eTJtdmN5c285>

1 “В” сыныбына арналған “Бірге білім алайық!” психологиялық дамыту сабағы ұйымдастырылды.  
<https://www.instagram.com/reel/C7BocsWsWMO/?igsh=MW0zNnVhemJxMnc1Ng==>